

Үй шаруашылықтарының бюджеттерін және халықтың әл-ауқатын зерттеу

Халықтың табыстары мен шығыстары

Жариялау күні: 18.03.2026
Келесі жариялау күні: 18.06.2026

- 1. Негізгі тұсары**
- 2. Халықтың табыстары мен шығыстары**
- 3. Глоссарий**
- 4. Әдістемелік түсініктемелер**
- 5. Қатысты басылымдарға сілтемелер**
- 6. Пайдалы сілтемелер**

1. Негізгі тұстары

2025 жылғы IV тоқсанда халықтың жан басына шаққанда ақшалай табыстарының мөлшері орта есеппен 374 297 теңгені құрады, бұл өткен жылғы тиісті тоқсанмен салыстырғанда 7,7%-ға жоғары. Халықтың ақшалай шығыстары жан басына шаққанда орта есеппен 338 450 теңгені құрады.

Тұтынуға пайданылған табыстар орташа жан басына шаққанда 2025 жылғы IV тоқсан бойынша 343 339 теңгені құрады.

Электронные таблицы:

[Қазақстан Республикасы халқының табыстары мен шығыстары](#)

Динамикалық кестелер:

- 2001 -2024 жылдары өңірлер бойынша үй шаруашылықтарының ақшалай шығыстары (жан басына шаққанда, орташа бір айда, теңге).
- 2015-2025 жылдары зерттелетін үй шаруашылықтар ақшалай шығыстарының құрылымы (пайызбен).
- 2015-2025 жылдары зерттелетін үй шаруашылықтар ақшалай табыстарының құрылымы.
- 2015-2025 жылдары тоқсандар бойынша халықтың тұтынуға жұмсаған табыстары.

3. Глоссарий

Ақшалай шығыстарға тұтыну шығыстары, туыстар мен таныстарға материалдық көмек, алименттер, салықтар, төлемдер және басқа да төлемақылар, кредит пен қарызды өтеу кіреді.

Тұтыну шығыстары – тұтыну тауарлары мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуға бағытталған үй шаруашылықтарының халықтың ақшалай шығыстарының бөлігі. Тұтыну шығыстарына азық-түлік тауарлары, азық-түлік емес тауарлар мен ақылы қызметтерді сатып алуға кеткен шығыстар кіреді.

Ақшалай табыстарға еңбек қызметінен түскен табыс, әлеуметтік трансферттер және өзге де ақшалай түсімдерден түскен табыстар кіреді.

Халықтың тұтынуға жұмсаған табыстарына тұтыну шығыстары (өндірістік қызметке және қорланымға капитал салусыз) және өзі өндірген өнімдердің заттай түрдегі құны (ақшалай мәндегі) мен трансферттер кіреді.

4. Әдіснамалық түсініктемелер

Халықтың тұрмыс деңгейі бойынша бюджеттерін зерттеуі бойынша деректер Қазақстан Ұлттық экономика министрліктері Статистика комитеті Төрағасының 2020 жылғы 2 шілдедегі № 31 бұйрығымен бекітілген (Әділет министрлігінде тіркелген Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 3 шілдедегі № 20922), Тұрмыс деңгейі бойынша үй шаруашылықтарының іріктемелі зерттеуін ұйымдастыру және өткізу әдістемесі, Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы басшысының 2023 жылғы «20» желтоқсанда № 237 бұйрығымен бекітілгенге әдістемесіне сәйкес тоқсан және жылдық негізінде 12 000 үй шаруашылығын зерттеу базасында қалыптастырылады.

5. Пайдалы сілтемелер

Тұрмыс деңгейі бойынша үй шаруашылықтарының іріктемелі зерттеуін ұйымдастыру және өткізу әдістемесі

Тұрмыс деңгейін зерттеу бойынша үй шаруашылықтары іріктемесін құру әдістемесі
«Күнделікті шығыстарды есепке алу күнделігі» D 003 статистикалық нысан
«Үй шаруашылықтарының тоқсан сайынғы табыстары мен шығыстарын есепке алу журналы»
(кезеңділігі тоқсан және жыл) D 004 статистикалық нысан
Халықтың табысы, халықтың шығыстары, «Талдау» ақпараттық-аналитикалық жүйесі

Шығаруға жауапты: Еңбек және тұрмыс деңгейі статистикасы департаменті	Департамент директоры: Н.Белоносова Тел. +7 7172 749022	Орындаушы: Н. Жұманова Тел. +7 7172 749285 E-mail: n.zhumanova@aspire.gov.kz	Мекенжай: 010000, Астана қаласы Мәңгілік ел даңғылы, 8 Министрліктер үйі, 4 кіреберіс
---	--	---	---

© Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы